

***Желтоқсан
жаңғырығы**

**Сәл аялдап, тағзым етпей бұл
алаңнан өтпендер...*

**Желтоқсанда ызғырықтан
тітіркеніп көк пен бел,*

**Бұл жер, қалқам, асқақ рух
жарылысы өткен жер*

**Қайта оянған ұлт намысы
қызыл қанға бөккен жер,*

**Ерте есейген ару қызды
шаштан сүйреп, тепкен жер,*

**Жатты мұнда естен танып
күзге айналған көктемдер.*

**17-18 желтоқсанда
Алматыдағы
көтеріліске
қатысушылар:*

** Қ. Рұсқылбеков, Л.
Асанова, С.
Мұхамеджанова,*

** Е. Сыпатаев*



Л.Асанова,

Марқұм Ләззат Асанованы анасының жоқтауы:


Мынау неткен зар заман,
Жүректіге тар заман,
Сені өлтірген дұшпанға,
Зауал келсін Алладан.
Асыл едін мыс болдың,
Қарағым көрген түс болдың,
Ізің жатыр, өзің жоқ,
Бейнең бар да, көзің жоқ.
Қайдасың, қайда, қарағым.



С.Мұхамеджанова

*Сәбира Мұхаметжанованы
анасының жоқтауы:

Бұлдыр да бұлдыр, бұлдыр күн
Қан жылатқан құрғыр күн
Медет болмай алладан,
Қызығымды жалмаған
Тұнжыраған тұлдыр күн,
Ақбілектей сүйрігім,
Алаштан озған жүйрігім,
Алтын діңгек қазығым,
Аққудай аппақ нәзігім
Сәбирам опат болған күн.



Е.Сыпатаев

Ербол Сыпатаевты анасының жоқтауы:

**Әлді-әлді, ақ көкем,
Жер бесікке жат көкем,
Аямаған қыршының,
Заман беті қатты екен.
Кімнен болды ажалың,
Кімнен болды азабың,
Езілген мынабауырымды
Қалай ғана жазамын,
Алтын баулы ақ сұнқар
Енді қайтып келер ме?!
Мәңгі шөккен қара нар,
Енді қайтып тұрар ма?!
Шейіт болған көкешім,
Басын маған бұрар ма?!**



Қ. Рұсқылбеков

***Қайрат Рысқұлбековты анасының жоқтауы:**

*Желтоқсанның шыдадың
Толғағына, қарағым.
Арман, арман, арман көп...
Айтылар теңеу қалған жоқ
Қысқа ғұмыр сүрсең де,
Таң қалдырған қарағым!
Алатауға абиыр,
Алып берген қарағым!
Ерлік жолын халқыңа
Салып берген қарағым!
Қазағың, Қайрат, ел болар
Алты алаш басы бірігіп,
Қайтейін, балам, ғаріп боп,
Жатқан жерін жарық боп,
Бақұл бол, бақұл, әй, көкем,
Тәубе, тәубе, тәубе етем!*



Courtesy Photo
Сәтпейіл Ғабдуллин

Көтерілістің басталуына
Мәскеудегі орталықтың
республика халқының
пікірімен санаспастан Ресейдің
Ульянов облысы партия
коммитетінің 1-хатшысы Г.В.
Колбинді ҚКОК-нің 1-
хатшысы етіп тағайындауы
түрткі болды.



RFE
BEEB



Courtesy B
Солдаты В



ЖЕНЩИНА ИДЕА АУДИМА,
КТО СМЕРТАК ЖИВИДИ ПАТ,
ЖИВИДИ ПАТ ЖИВИДИ ПАТ,
ЖИВИДИ ПАТ ЖИВИДИ ПАТ.

*Желтоқсанның желі желіп
Талай жерді шарлады,
Қосылмаған бұл дүмпуге
Ұлт пен ұлыс қалмады.*

*Желтоқсанның дерті мәңгі
Көкіректі кернеді,
Боздақтарым шейіт болып
Қайтіп бізге келмеді!*

**Назар
аударғандарыңызға
рахмет**